

## Азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Түпқараған аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 мамырдағы № 7/45 шешімі. Түпқараған ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 27 маусымда № 11-6-59 тіркелді. Күші жойылды - Түпқараған аудандық мәслихатының 2012 жылғы 02 шілдедегі № 4/30 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Түпқараған аудандық мәслихатының 2012.07.02 № 4/30 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңдарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Азаматтардың жекелеген санаттарына:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға жалғызілікті зейнеткерлерге тұрғын үйді ұстауға және пайданылған коммуналдық қызмет төлемдерін өтеуге әлеуметтік көмек (бұдан әрі-тұрғын үй көмегі) көрсетілсін.

2. Азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үйді ұстауға және пайдаланылған коммуналдық қызмет төлемдерін өтеуге әлеуметтік көмек көрсету Ережесі № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Аудан әкімі азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үйді ұстауға және пайдаланылған коммуналдық қызмет төлемдерін өтеуге әлеуметтік көмектің уақытылы тағайындалуы мен төленуіне тиісті шаралар алсын.

4. Түпқараған аудандық мәслихатының 2006 жылғы 11 тамыздағы № 27/174 "Аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну ақысын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі туралы" шешімінің күші жойылсын.

Сессия төрағасы:

К.Қасымова

Аудандық мәслихат хатшысы:

А. Досанова

## **Азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үйді ұстауға және пайдаланылған коммуналдық қызмет төлемдерін өтеуге әлеуметтік көмек көрсету Ережесі**

1. Азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үйді ұстауға және пайдаланылған коммуналдық қызмет төлемдерін өтеуге әлеуметтік көмек (бұдан әрі-тұрғын үй көмегі) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға, жалғыздікті зейнеткерлерге көрсетіледі.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган (бұдан әрі-Уәкілетті орган) болып табылады.

3. Тұрғын үй көмегі Түпқараған аудандық зейнетақы төлеу орталығының жасақтаған алушылар тізімдері негізінде ай сайын тағайындалады.

4. Уәкілетті орган ай сайын тапсырылған құжаттардың негізінде тұрғын үй көмегін алушы жалғыздікті зейнеткерлер тізімін жасақтайды.

Жалғыздікті зейнеткерлерге тұрғын үй көмегін тағайындауға қажетті құжаттар:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) салық төлеушінің тіркелу нөмірі;
- 3) тұрғындар есебі кітабының көшірмесі;
- 5) зейнетақы алушы кітапшасының көшірмесі.

5. Өтініш беруші азаматтар табыс еткен құжаттарының дұрыстығына толық жауаптылық тартады. Төлем жүргізілгеннен кейін деректердің анық еместігі айқындалған жағдайда, заңсыз төленген сомалар заңнамамен белгіленген тәртіппен кінәлі адамдардан өндіріледі.

6. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаражаты есебінен бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын төленеді.

7. Тұрғын үй көмегінің дұрыс тағайындалып, мезгілінде төленуіне Уәкілетті орган жауаптылық тартады.

8. Алушылар тізімдерінің дұрыс және мезгілінде жасақталуына Түпқараған аудандық зейнетақы төлеу орталығы жауаптылық тартады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ